

2025 ЖЫЛ



IHK-ZU-01-01-01

Құжатты рұқсатсыз пайдалануға тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Нормативті сілтемелер.....	3
3. Ғылыми кеңес құрамы, құрылымы және сайлау тәртібі.....	3
4. Ғылыми кеңестің қызметі	4
5. Ғылыми кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібі.....	5
6. Өзгертулер.....	6
Қосымша А. Ғылыми кеңес хаттамасының үлгісі.....	7
Қосымша Б. Ғылыми кеңес Қаулысы / шешімінің үлгісі.....	8
Қосымша В. Ғылыми кеңес хаттамасынан көшірменің үлгісі.....	9
Қосымша Г. Ғылыми кеңеске ұсынылатын анықтаманың үлгісі.....	10
Қосымша Д. Ғылыми атақ беруге өтініш үлгісі	11
Қосымша Е. Баспаға ұсынуға өтініш үлгісі.....	12

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Ғылыми кеңес «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» коммерциалық емес акционерлік қоғамының тұрақты жұмыс істейтін, сайланбалы алқалы органы болып табылады.

1.2 Ғылыми кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамаларын, Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын, Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

1.3 Ғылыми кеңестің мақсаты жоғары білім беру жүйесінің басым міндеттеріне, университеттің даму стратегиясына және қызметкерлер мен білім алушылардың қатысуына сәйкес университет қызметін тиімді, ашық және демократиялық басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

1.4 Қоғам органдарының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қарау кезінде Ғылыми кеңес қабылдаған шешімдер ұсынымдық сипатқа ие болады.

1.5 Ғылыми кеңестің қызметі оның құзыретіне кіретін мәселелерді ашық және ұжымдық талқылау қағидастарына негізделеді.

1.6 Осы Ереже университеттің Ғылыми кеңесінің қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтеме жасалады:

Қазақстан Республикасының Заңы 2003 жылғы 13 мамыр № 415-II	Акционерлік қоғамдар туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 16 қаңтар № 142-II	Коммерциялық емес ұйымдар туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілде № 319-III	Білім туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII	Ғылым және технологиялық саясат туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығы	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 22 мамырдағы №306 бұйрығымен бекітілген «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Жарғысы	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Жарғысы
ІНҚ-ZU	«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ ішкі нормативті құжаттар

3 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ САЙЛАУ ТӘРТІБІ

3.1 Ғылыми кеңес құрамына лауазымы бойынша Басқарма Төрағасы – Ректор, Басқарма мүшелері – проректорлар, сонымен қатар, комиссия сайлаған әкімшілік-басқару аппараты, профессор-оқытушылар құрамы, университеттің қоғамдық ұйымдарының өкілдері және білімгерлер кіреді.

3.2 Ғылыми кеңес мүшелері университет құрған комиссия арқылы жасырын дауыс беру жолымен әкімшілік-басқару аппаратының, профессорлық-оқытушылық құрамның, университеттің қоғамдық ұйымдарының және білім алушылардың өкілдері арасынан сайланады.

3.3 Құрылымдық бөлімшелер мен білімгерлер өкілдері, оларды жалпы жиналысқа қатысушылардың 50 пайызынан астамы қолдаған жағдайда Ғылыми кеңес мүшесі ретінде сайланды деп есептеледі.

3.4 Ғылыми кеңестің құрамы тақ саннан тұрады және кемінде жеті адам болуы тиіс. Қажет болған жағдайда оның құрамына жеке өзгерістер енгізу Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

3.5 Ғылыми кеңестің жеке құрамы Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.6 Университеттің Ғылыми кеңесінің қызметін басқаруды университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы жүзеге асырады. Төраға Ғылыми кеңестің жұмысын үйлестіреді және оның қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, университет Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қамтамасыз етеді.

Ғылыми кеңестің төрағасы және оның орынбасары Ғылыми кеңес мүшелері арасынан көпшілік дауыспен сайланады. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

3.7 Ғылыми кеңесте қаралатын мәселелерді дайындауды ұйымдастыру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау, тәжірибені жалпылау және Ғылыми кеңес жұмысының түрі мен әдісін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін Ғылыми кеңес мүшелері арасынан Ғылыми кеңес арқылы сайланып, Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен ғалым хатшы тағайындалады.

3.8 Университеттің Ғылыми кеңесі қызметтің жекелеген мәселелері бойынша кеңес мүшелері мен университет қызметкерлерінен уақытша комиссиялар құра алады. Уақытша комиссияның құрамы мен қызметі Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен бекітіледі. Жұмыс комиссиясының қызметіне университеттің оқу-тәрбие, ғылыми-зерттеу және шаруашылық қызметін ұйымдастыру бойынша сұрақтарды дайындау, оларды Ғылыми кеңестің отырысында қарау және шешімдер қабылдау кіреді.

4 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Ғылыми кеңес өз құзыреті шегінде келесі қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) академиялық, тәрбиелік, ғылыми-зерттеу, инновациялық және әкімшілік-шаруашылық қызметтің негізгі мәселелері бойынша шешімдерді қарау, талқылау және қабылдау;
- 2) білім беру және ғылыми процестерге инновацияларды енгізуге жәрдемдесу;
- 3) қоғам мен мемлекеттік органдарды қоса алғанда, мүдделі тараптар алдында өз қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету;
- 4) ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін университеттің құрылымдық бөлімшелері арасындағы өзара іс-қимылды нығайту;
- 5) өз бастамасы бойынша немесе университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша академиялық немесе ғылыми қызығушылық тудыратын мәселелерді қарау және олар бойынша тиісті шаралар қабылдау;
- 6) Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуын іске асыруды талдау, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау және қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдау.
- 7) оқу-зертханалық және ғылыми-зертханалық базаны дамыту бойынша перспективалық жоспарды қарастыру;
- 8) профессор-оқытушылар құрамына және ғылыми құрамға ғылыми атақтар беру мәселелерін қарастыру;
- 9) ішкі тәртіп ережелерін қарастыру және бекіту;
- 10) оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға қатысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;
- 11) университеттің Стратегиялық даму жоспарын іске асыруға байланысты мәселелерді қарастыру;
- 12) университеттің әлеуметтік дамуына қатысты негізгі мәселелерді қарастыру және шешім қабылдау;

- 13) өткен оқу жылы бойынша университет қызметінің қорытындысын шығару;
- 14) университеттің оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстары туралы есептерін мерзімді түрде қарастыру;
- 15) қоғам құрамына кіретін басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы есептерді қарастыру;
- 16) Қоғам Басқармасына бекітуге ұсыну үшін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын қарастыру;
- 17) университет қызметіне қатысты және алқалық шешім қабылдауды талап ететін өзге де мәселелерді қарастыру.

4 ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1 Университеттің Ғылыми кеңесі өз жұмысын тиісті оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.

5.2 Ғылыми кеңестің жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы – отырыс болып табылады. Отырыстар Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес, сондай-ақ қажет болған жағдайда, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі.

5.3 Шектеу шаралары енгізілгенде, төтенше жағдай жарияланған кезде, әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған жағдайда Ғылыми кеңес отырыстары онлайн іс-шараларға арналған бұлтты платформа арқылы қашықтықтан өткізіледі.

5.4 Ғылыми кеңесті ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, отырыстарға материалдарды уақтылы және сапалы дайындау, сондай-ақ іс қағаздарын жүргізу жауапкершілігі ғалым хатшыға жүктеледі.

5.5 Ғылыми кеңес отырысы, егер оған мүшелердің кемінде үштен екісі қатысқан болса, заңды деп есептеледі.

5.6 Университеттің Ғылыми кеңес мүшелері Ғылыми кеңестің барлық отырыстарына қатысуға міндетті. Егер Ғылыми кеңес мүшесі белгілі себептерге байланысты отырысқа қатыса алмаса немесе кешігетін болса, ол бұл туралы алдын ала Ғылыми кеңес төрағасын хабардар етуі тиіс.

5.7 Ғылыми кеңестің күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға дайындық үшін жауапты тұлғалар Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес тиісті материалдарды (баяндамалар, талдамалық анықтамалар, шешім жобалары және т.б. – Қосымша Б, С) отырыстан кемінде 5 күн бұрын бекітіп ұсынады. Егер баяндама немесе шешім жобасында елеулі жетілдіруді талап ететін ескертулер болса, университеттің ғалым хатшысы ұсынылған баяндаманы және Ғылыми кеңес шешімінің жобасын баяндамашыға және комиссия төрағасына кері қайтарып, оларды қайта қарау мерзімін белгілеуге құқылы.

5.8 Ғылыми кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Ал қауымдастырылған профессор немесе профессор ғылыми атағына ұсыныс қарастырылса, мүшелердің қалауы бойынша ашық немесе жасырын дауыс беру жүргізіледі.

5.9 Дауыс беру нәтижелері Ғылыми кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен анықталады. Егер дауыстар тең бөлінсе, Ғылыми кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

5.10 Университеттің Ғылыми кеңесі отырысының хаттамасы мемлекеттік тілде (Қосымша А) рәсімделеді және оған Ғылыми кеңес төрағасы мен ғалым хатшы қол қояды. Қатысқандар тізімі, баяндамалардың көшірмелері, анықтамалар, дауыс беру хаттамалары және басқа да қосымша құжаттар Ғылыми кеңес отырысының хаттамасына міндетті түрде тіркеледі.

5.11 Ғылыми кеңес шешімдері төраға қол қойған күннен бастап немесе шешімде көрсетілген басқа күннен бастап күшіне енеді және барлық қызметкерлер мен білім алушылар үшін міндетті болып табылады.

5.12 Ғылыми кеңес төрағасы Кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды ұйымдастырады және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы кеңес мүшелеріне ақпарат береді.

5.13 Ғылыми кеңес шешімдерін тиісті құрылымдық бөлімшелерге және Ғылыми кеңес шешімдерін орындаушылар болып табылатын университет қызметкерлеріне жеткізуді Кеңсе жүзеге асырады.

5.14 Қажет болған жағдайда университеттің ғалым хатшысы Ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан әрбір қабылданған шешім бойынша көшірме (Қосымша В) дайындайды. Ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан көшірмеге университеттің ғалым хатшысы қол қояды.

6 ӨЗГЕРТУЛЕР

Ішкі нормативтік құжаттарға (ІНҚ) өзгерістер енгізу, олардың тізбесін бекіту және қабылдау «Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ Басқармасының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Қосымша А

Ғылыми кеңес хаттамасының үлгісі

ИЛИЯС ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ
ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫ

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ
ОБЩЕСТВО «ЖЕТЫСУСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА»

ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

20 ____ жылғы « ____ » ____

Ғылыми кеңес отырысының № ____ хаттамасы

Төраға –

Хатшы –

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. _____
2. _____
3. _____

ТЫҢДАЛДЫ:

ШЕШІМ:

1. _____
2. _____

Қолдаған – ; қарсы –; қалыс – .

Ғылыми кеңес төрағасы

/қолы/

/аты-жөні/

Ғалым хатшы

/қолы/

/аты-жөні/

Қосымша Б

Ғылыми кеңес Қаулысы / шешімінің үлгісі

«_____»

_____» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ/ШЕШІМІ

Талдықорған қаласы

«__»_____20__ж.

Аталған ақпараттар негізінде Ғылыми кеңес қаулы етеді/шешімі:

1.
 - 1.1. ...
2.
 - 2.1. ...
3.
 - 3.1.
4.
5.
- ...

Ғылыми кеңес төрағасы

/қолы/_____
/аты-жөні/

Ғалым хатшы

/қолы/_____
/аты-жөні/

Қосымша В

Ғылыми кеңес хаттамасынан көшірменің үлгісі

«І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ

«___» _____ 20___ жылғы Ғылыми кеңес отырысы
№___ хаттамасынан

КӨШІРМЕ

ТЫҢДАЛДЫ:

Аты-жөні –..... (қысқаша үзінді).

ШЕШІМІ:

1.
2.
3.

Ғылыми кеңес мүшелерінің _____ дауыс берудің негізінде: «қолдаған» - _____,
ашық/жасырын
«қарсы» - _____, «қалыс қалғандар» - _____ қабылданған.

Ғылыми кеңес төрағасы

/қолы/_____
/аты-жөні/

Ғалым хатшы

/қолы/_____
/аты-жөні/

Қосымша Г

Ғылыми кеңеске ұсынылатын анықтаманың үлгісі

« _____
_____» мәселесі бойынша

Ғылыми кеңеске
АНЫҚТАМА

« _____» _____ 20__ ж.

/анықтама мәтіні/

/қолы/

/аты-жөні/

Қосымша Д

Ғылыми атақ беруге өтініш үлгісі

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті»
КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректоры

/шешім/

/ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі/

/аты-жөні/

/қолы/

/қызметі, бөлімшенің аты/

« _____ » 200 _____ ж.

/аты-жөні/

ӨТІНІШІ

Сізден Ғылыми кеңес отырысында ҚР ҒЖБМ «Ғылыми атақтар (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор) беру ережелеріне» сәйкес мені қауымдастырылған профессор/профессор ғылыми атағына ұсынуды қарастыруыңызды сұраймын.

« _____ » 20 _____ ж.

/қолы/

Қосымша Е**Баспаға ұсынуға өтініш үлгісі**

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті»
КЕ АҚ Басқарма Төрағасы – Ректоры

/шешім/

/ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі/

/аты-жөні/

/қолы/

« ____ » _____ 200 ____ ж.

/қызметі, бөлімшенің аты/

/аты-жөні/

ӨТІНІШІ

Сізден Ғылыми кеңестің кезекті отырысында « _____ »
монография/оқу/оқу-әдістемелік құралымды баспаға ұсынуды қарастыруыңызды сұраймын.

« ____ » _____ 20 ____ ж.

/қолы/